

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық аураханасы»
МКК

хаттама

31.05.2024 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық аураханасы» комплаенс офицер семинар кеңес өткізді;

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 31.05.2024 жыл

Қатысқандар: 28 адам

Күн тәртібі

«Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен қалай күресу туралы қағидалары»
Комплаенс офицер: Нұржігітова С.Б.

Сөз алды: Комплаенс офицер: Нұржігітова С.Б. Жемқорлық (лат. Corruptio-сатып алу)-мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;

- елдің халықаралық беделіне көленке түсіреді;

- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні туралы айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтып айтты.

Шешімі:

1. «Сыбайлас жемқорлық деген не?» атты дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан қарай жандандырылсын.

Комплаенс офицер Нұржігітова С.Б.

